

ХОРЕЗМИДІҢ «МҰХАББАТНАМЕ» ШЫҒАРМАСЫНЫҢ ЛЕКСИКАСЫ

Аманова Перизат Ерғали қызы

Нөкіс қаласы, Бердақ атындағы ҚМУ нің II курс магистранты

amanovaperizat19@gmail.com

АННОТАЦИЯ

Мақалада Хорезмидің «Мұхаббатнаме» шығармасында қолданылған XIV ғасырға тән кейбір сөздердің қазіргі қазақ әдеби тілінде сақталғандығы, олардың заманына сай қолданылу аясын көрсету және сол сөздерді мағынасы жағынан омоним, синоним, антонимдерге ажрату туралы сөз етіледі.

Кілт сөздер: XIV ғасыр Алтын Орда ескерткіштері, Хорезмидің «Мұхаббатнаме» шығармасы, лексика, омоним, синоним, антоним т.б.

ANNOTATION

The article tells about the preservation in the modern Kazakh literary language of some of the words characteristic of the XIV century used in Khorezmi's work "Muhabbatname", about the scope of their use in accordance with the Times and about the translation of these words into homonyms, synonyms, antonyms in meaning.

Keywords: monuments of the Golden Horde of the XIV century, Khorezmi's work "Muhabbatname", vocabulary, homonym, synonym, antonym, etc.

Хорезмидің «Мұхаббатнаме» шығармасының лексикасындағы барлық сөздердің қазіргі қазақ тіліндегі сөздермен салыстырғанда көптеген ерекшеліктер байқауымызға болады.

Лексика-тілдің грамматикалық құрылысына қарағанда тез өзгеріп, дәуір өткен сайын біртүрлі құбылыстарға түсіп отырады. Сондықтан онда көптеген ерекшеліктер жиі кездеседі.

Хорезмидің аталмыш шығармасындағы кейбір сөздердің қазіргі қазақ әдеби тілінде кездесуі, олардың мағыналық жақтан омонимдер, синонимдер, антонимдерге телінуі төмендегіше:

ОМОНИМДЕР

Омонимдер — шығуы жағынан да, мағына жағынан да басқа-басқа, айтылуы және жазылуы бірдей сөздер.¹

Тар-Қашан ким болса тар газиз шукир бар (48)

Тар-Сашиз бир тарина мың бир етмис(36)

Келтірілген мысалдардағы бір ғана тар сөзі болғанымен, сөйлемдегі мағыналары басқа-басқа. Мысалы, бірінші мысалдағы тар сөзі кішкентай, жіңішке, тар мағынасында келсе, екінші мысалда шаштың бір талын білдіріп, зат есім болып тұр.

СИНОНИМДЕР

Жазба естелікте формасы, құрамы басқа-басқа болғанымен мағыналары бір сөздерді кездестіреміз. Синонимдер— тұлғалары әртүрлі, мағынасы жақын сөздер.² Мысалы:

Бой-Бойуңузга литафатның бузайын (30)

Қад-Туруптур кызди қаддиңыз зиялы(47). Бұл жерде бой, қад сөздері адамның бойы, адамның денесіне байланысты болып, бір мағынаны білдіріп тұр.

АНТОНИМДЕР

Антонимдер — мән-мағынасы бір-біріне қарама-қарсы қолданылатын сөздер.³ Жазба естелікте мағынасы жағынан бір-біріне қарама-қарсы сөздерді де кездестіреміз. Олар төмендегіше: *бай-аяқ хәсуқ баидин аяққа жансин, әй жан.*

Башым дайим адиқақ йәрашур(36)

Һақ-ялған булл сөздә, һақ билур, ялған йоз, әй жан. (41)

Бұл мысаллардың *баи-аяқ* қазақ тілінде бас-аяқ, *һақ-ялған*, қақ-жалған формаларында қазіргі әдеби тілімізде қолданылып жүр.

¹ Резуанова .Ғ .К «Қазақ тілінің лексикалық парадигмасы», Нұр-Сұлтан, 2019,100-б

² Сонда 61-б

³ Сонда 118-б

ЖАЗБА ЕСТЕЛІКТІҢ ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫ БОЙЫНША ЛЕКСИКАСЫ

Жазба естеліктегі сол жазылған дәуіріндегі тұрмысқа байланысты қолданылған сөздердің барлығын қамти алмайды. Себебі, естелік кіші көлемде жазылған. Сондықтан кейбір тематикаға байланысты сөздер ғана байқалады.

1.Үй, үй бұйымдары және құрылысқа байланысты сөздер: *шадираван-шатыр, айван-қойма, қадәһ-сарқым, айшинә-айна, исиргә-сырға, сурахи-шыны, сарай-патшалық;*

2. Өсімдікке байланысты сөздер: *шәшәк-шешек, сәрв-сәуір, ләла-лала, төтапейиш терегі, т.б.*

3.Бағалы тастар мен металдарға байланысты сөздер: *гәвһар-гауһар, кимия-химия;*

4.Мансап-амалға байланысты сөздер: *падиша-патша, шәһрияр-билеуші, султан-сұлтан, шаһ-шах,хан, мәлік-иелеуші, шәһиншаһ- патшалардың патшасы, саһибһиран- ұлы билеуші, хәким-әкім т.б.*

5. Динге байланысты сөздер: *фәришта-періште, һақ-қақ, құдай-Алла тағала, мәсжид-мешіт, худара-құдай, дуа-дұға, пәри-пері, фирдавс бейиш- пейиш бағы, һурат-періштенің есімі, дузаһ-тозақ, ужмаһ-жұмақ, тәңри-тәңір, яратқан-жаратқан;*

6. Адамның мінез-құлқы мен дене мүшелеріне байланысты сөздер: *жамал-көрк, зеба-әдемі, сәнәвар- мүсінді, мең-мең, көз-көз, қаш-қас, тиш-тіс, кирпік-кірпік, бағир-бауыр, иң-оң, курк-көрк, дудағ-ерін, гуш-құлақ ж.т.б*

7. Құстар мен жануарларға байланысты сөздер: *тутти-тоты, һума-феникс, шүңқар-сүңқар, бұлбұл-бұлбұл, ит-ит, әрслан-арыстан ж.т.б;*

8. Аспан денелеріне байланысты сөздер: *қәмәр-ай, көк-аспан, һуршид-күн, иқлым-климат, һаһид-шолпан, уттарид-меркурий, мүшәри-юпитер;*

9. Киім-кешек, әшекей бұйымдарға байланысты сөздер: *һиләпт-халат, әрслан-атлас, тон-тон ж.т.б;*

10. Сан атаулары: *сәд-жүз, йети-жеті, алти-алты, икки-екі, он бир-он бір ж.т.б;*

11. Жер-су аттары: *дәря-дария, кан-арна, шимган-аумағы кішкентай отты жер, Мисир-Мысыр, Шам-Сирия/ Дамаск қаласы, Шин-машина/тай, Кәимсер-орта ғасыр поэзиясындағы аты шыққан ел, Кәран-Палестинадағы пайғамбар Яғип отаны, Рум-Визания империясының аты, Ирақ-Иран, Гирим-Қырым;*

12. Адам аттары: *Хорезми, Мустафа, Мухаммад, Ақар Айиуб, Йусуп, Муса, Сұләйман, Нәмруд, Али, Хожабек, Рустем, Хайәм, Хатами-Тай, Фәридун, Жәнибек, Хидир, Мухаммад Хожә, Фәрхәд, Равани, Хосрәв, Жәмшид, Иса, Афлатун, Мәжнүн, Ләйла.*

Қорытынды:

Хорезмидің «Мұхаббатнаме» шығармасы қазақ тілінің тарихын үйренуде ең маңызды естеліктерден болып есептеледі. Шығарманың жазылған дәуірі қазақ халқының өзі сияқты оның тілінің де қалыптасып келе жатқан дәуіріне сай келеді. Бұны осы аталмыш шығарманың тілдік элементтері дәлелдейді.

Қортындылай келе, Хорезмидің «Мұхаббатнаме» шығармасы қазақ тіл білімінде әлі де кеңінен зерттелу керектігіне көзіміз жетіп отыр. Себебі, шығарманың тілінде XIV ғасыр Орта Азиялық түркі әдеби тілінде жұмсалған қазіргі тілдің көзқарасынан көнерген сөздер және грамматикалық формалар сақталған. Ең маңыздысы қазақ тілінің тарихын зерттеуде құнды мәліметтер бере алатын бүгінгі күнде де ана тілімізде жұмсалатын сөздер көп кездеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Наджип.А.Н. «Хорезми. Мухаббат-нама»(глоссари, грамматический очерк, перевод,транскрипция,факсимеле),1961
2. Резуанова .Ғ .К «Қазақ тілінің лексикалық парадигмасы», Нұр-Сұлтан, 2019